

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 23 шілдедегі N 200-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі және мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізсін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 23 шілдедегі
N 200-ө өкімімен

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік актінің атауы	құқықтық	Актінің нысаны	Орын- дауға жауапты мемле- кеттік орган	Орындау мерзімі
1	2		3	4	5
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі N 387 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы		Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині	2008 жылғы тамыз

2	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 26 сәуірдегі N 326 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы	Қазақстан Республи- к а с ы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині (жинақ- тау), АШМ	2008 жылғы тамыз
3	Сырттай байқау әкімшісінің қорытынды есебінің нысанын және оны келісу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2008 жылғы тамыз
4	"Оңалтуды басқарушының есебін келісу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 2 қарашадағы N 373 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Бұйрық	Қаржымині	2008 жылғы тамыз
5	Дәрменсіз борышкерге қатысты оңалту рәсімін қолдануды келісу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині, Ұ Қ К (келісім бойынша), ТМРА	2008 жылғы тамыз
6	Сырттай байқау әкімшісін, оңалтушы басқарушыны тағайындау және шеттету, сондай-ақ конкурстық басқарушыны тағайындау және шеттету, есепке алу және тіркеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2008 жылғы тамыз
7	Конкурстық басқарушының қорытынды есебінің нысанын және оны келісу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	Қаржымині	2008 жылғы тамыз

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
ҰҚК - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК